

«БЕКІТЕМІН»

Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университетінің
проректоры PhD, доцент
К.Курманбаев

«15» 09 2023 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Nur-Mubaarak EIMU -001-7-2023

Қызмет бабында пайдалану үшін

Алматы, 2023


Нұр-Мұбарақ Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбарақ
СМЖБ	Университет ережесі
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	ЕИМУ -001-07-2023 14 беттін 2 беті

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕГЕН – Е.Надиршин;
2. ЕҢГІЗІЛДІ – 2023 ж.
3. Тексерілу мерзімі – 2025 ж.
4. Келісілді:

КЕЛІСІЛДІ:

Сапа менеджмент бөлімінің менгерушісі
Зандер



Ш.А.Әділбаева



Н.Абдыгали

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак
СМЖБ	ЕИМУ -001-07-2023
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	14 беттің 3 беті

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің (бұдан *əri – комплаенс қызметі*) мәртебесі, өкілеттіктері, мақсаттары, міндеттері, функциялары, құқықтары, жауапкершілігі және жұмысын ұйымдастыру «Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті» жеке мекемесінің басшылығымен, құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл мәселелері, сондай-ақ комплаенс қызметі қызметкерлеріне енбекақы төлеу мәселелері айқындалады.

Комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын қоғамның дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Комплаенс қызметі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, университет Жарғысын, осы Ережені, университеттің басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

3. Комплаенс қызметі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беру үйімдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы бұйрықтың шеңберінде құрылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құрылымы мен штат санын (сандық құрамы) қажеттілікке байланысты Ғылыми кеңесінде бекітеді.

5. Комплаенс қызметі қызметкерімен енбек шарттарын Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес университет проректоры жасайды.

6. Комплаенс қызметінің қызметкері Ғылыми кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

7. Комплаенс қызметі өз қызметін Ғылыми кеңесі бекітетін қызметтің тиісті оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен міндеттері қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы осы Ереженің негізінде өзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады және Ғылыми кеңесінің Төрағасының орынбасары - проректор бекітеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы тиісті акт университеттің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

9. Комплаенс қызмет қызметкерінің өздеріне жүктелген міндеттерді тиісінше және тиімді орындауды мақсатында университет тиісті енбек жағдайларын жасайды.

10. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак ЕИМУ -001-07-2023
СМЖБ	Университет ережесі
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	14 беттің 4 беті

1) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс** - Университеттің комплаенс қызметіне жүктелетін қоғам мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заннамасын сактауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері - мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқаруши холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

3) мұдделер қақтығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда және әкеп соғуы мүмкін;

4) сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлар жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

2. Комплаенс қызметінің мәртебесі

11. Комплаенс қызметі басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз қоғамның бөлімшесі болып табылады, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиясына бағынады және есеп береді.

12. Комплаенс қызметі университетте сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-кимділ жөніндегі шараптарды қабылдау мен іске асыруда тәуелсіз.

13. Комплаенс қызметті университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне жататын жұмыстарға, сондай-ақ оның өкілеттіктеріне жатпайтын бағдарламалар мен жобаларды дайындауға немесе орындауға тартуға болмайды.

14. Комплаенс қызметінің қызметкеріне университеттің ішкі нормативтік күжаттамасының ережелері қолданылады.

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак
СМЖБ	Университет ережесі
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	ЕИМУ -001-07-2023

3. Комплаенс-қызметінің мақсаттары, тапсырмалары, қағидаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің негізгі мақсаты «Нұр-Мұбәрак» ЕИМУ мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішшаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі болып табылады;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің тәуелсіздігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функциялары:

1) университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының ішкі саясатын әзірлейді;

2) ұйым қызметінің ерекшелігін ескере отырып, университет қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру ішшараларын жүргізеді;

4) корпоративтік этикалық құндылықтарды насихаттайды;

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак
СМЖБ	ЕИМУ -001-07-2023
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	14 беттің 6 беті

5) университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ академиялық әдеп Кодексін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша университет қызметкерлерін оқытуды үйымдастырады;

7) құрылымдық бөлімшелердің үйымның және қызметкерлердің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламасын орындауына мониторингті әзірлейді және жүргізеді;

8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу» үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, университет қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты үйлестіреді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен «Нұр-Мұбәрак» ЕИМУ басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін университет қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

10) университеттегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды жүзеге асырады;

11) мұдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру мәселелерін анықтау, мониторинг жүргізу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

12) сыйлықтар мен университеттегі өкілдік шығындар мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

13) қаржылық мәмілелер кезінде контрагенттерді тексеруді жүзеге асырады;

14) университетте сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

15) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын университет қызметкерлерінің занға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізеді;

16) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау жүргізеді;

17) Университеттің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асуру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак
СМЖБ	ЕИМУ -001-07-2023
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	14 беттін 7 беті

18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің тиісті ақпаратын тыңдайды;

19) Университет басшылығына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, университет қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құқықтары:

1) университеттің ішкі құжаттарында регламентtelген, бекітілген рәсімдер шеңберінде «Нұр-Мұбәрак» ЕИМУ құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді Ғылыми кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасау;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсken хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға құқылы;

4) университеттің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеп-тексерулер шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етуге құқылы;

5) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қарауына ұсыну;

6) өз құзыреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуға құқылы;

7) университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыста консультациялық көмек көрсету;

8) университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың бар немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарламалар келіп түсіі мүмкін ақпарат беру арналарын құруға не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің міндеттері:

1) университет және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтайды;

2) Сыбайлас жемқорлықтың, Академиялық адалдық кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак
СМЖБ	ЕИМУ -001-07-2023
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	14 беттің 8 беті

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы университеттің басшылығының уақтылы хабардар етеді;

4) Университет қызметкерлерінің әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда материалдарды тиісті дәлелдемелермен бірге Ғылыми кеңесіне, сондай – ақ проректорге одан әрі іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органға жіберу үшін береді;

5) университеттің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіптік әдеп талаптарын сактайды.

21. Комплаенс қызмет өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

4. Комплаенс қызметінің есептілігі

22. Комплаенс қызметке әдістемелік және ақпараттық қолдауды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша Департаменті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті орган көрсетеді.

23. Комплаенс қызметі есептің көшірмесін Ғылыми кеңесіне бір мезгілде жібере отырып, тоқсан сайын университет проректорына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органға қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты жібереді.

24. Комплаенс қызметі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия алдында жылына 2 рет есеп береді (жартыжылдық есеп, жылдық есеп).

25. Университетте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өзінің контрагенттерін, іскерлік серіктестерін, азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.

5. Сайлау тәртібі және біліктілік талаптары

26. Комплаенс қызметкерін сайлау (тағайындау) ашық конкурс (бұдан әрі – конкурс) арқылы жүзеге асырылады және мынадай кезеңдерді қамтиды:

конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;

Комплаенс қызметкері лауазымына үміткер адамдардың құжаттарын қабылдау;

конкурсқа қатысуға құжаттарды тапсырған тұлғалардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесінің отырысында Комплаенс қызметінің лауазымына үміткер кандидаттарды қарастыру;

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак
СМЖБ	ЕИМУ -001-07-2023
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	14 беттің 9 беті

27. Комплаенс қызметінің лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру университет сайтында және / немесе басқа интернет-ресурстарда жарияланады.

28. Конкурсқа осы Ережеде көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келетін барлық тілек білдірушілер қатысады.

29. Кандидаттардың құжаттарын қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

30. Конкурсқа қатысу үшін Корпоративтік хатшыға қағаз және / немесе электрондық тасымалдағышта мынадай құжаттар ұсынылады:

1) өтініш;

2)конкурсқа қатысушының жеке басын куәландаратын құжаттың көшірмесі;

3) резюме;

4) білімі туралы құжаттар мен қосымшалардың көшірмелері;

5) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландаған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама;

7) комплаенс қызметінің одан арғы қызметі бойынша өзінің көзқарасының презентациясымен таныстыру (тек басшы мен комплаенс-офицер үшін).

31. Егер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия қарауына Комплаенс қызметінің лауазымына осы Ережемен белгіленген талаптарға сәйкес келетін екіден кем кандидаттың құжаттары ұсынылса, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесі конкурсты өтпелі деп таниды және қайтадан конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

32. Корпоративтік хатшы:

1) конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) Комплаенс қызметінің лауазымына үміткер адамдардың құжаттарын қабылдауды жүзеге асырады;

3) біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

3) конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесінің отырысын өткізуді қамтамасыз етеді.

33. Кадр менгерушісі кандидаттардың құжаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды және өзінің отырысында олармен әнгімелесуді жүзеге асырады.

34. Кандидатураларды қарау қорытындылары бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесі өз отырысында Комплаенс қызметкерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімі, лауазымдық жалақысының мөлшері туралы шешім қабылдайды.

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак
СМЖБ	ЕИМУ -001-07-2023
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	14 беттің 10 беті

35. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесінің қабылданған оң шешімі негізінде проректор –комплаенс офицерін тағайындау туралы бүйрық шығарады және олармен еңбек шарттарын жасасады.

36. Комплаенс қызметкерінің лауазымына жоғары білімі бар, құқық қорғау және мемлекеттік органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар тұлға тағайындалады.

Комплаенс қызметінің қызметкері білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Лицензиялау туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Зандары, білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, педагогика мен психология негіздері, Мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарының негізгі ережелері, ұжымдық шарттар жасасу және әлеуметтік-еңбек; еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормалары, сапа саласындағы қоғамның саясаты мен мақсаттары, Сапа менеджменті жүйесінің құжаттары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, мұдделер қақтығысын шешу саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарды білуі керек.

38. Комплаенс қызмет маманы лауазымына жоғары білімі бар, білім беру үйымдарында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар тұлға тағайындалады.

Комплаенс қызмет маманы Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Білім туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», «Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Зандарын, білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, еңбек заңнамасын, Еңбекті қорғаудың Қағидалары мен нормаларын, сапа саласындағы қоғамның саясаты мен мақсаттарын; Еңбек және азаматтық заңнама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, мұдделер қақтығысын шешу саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарды білуі керек.

6. Комплаенс қызметінің басшысының өкілеттігі

39. Комплаенс қызметі басшысының өкілеттігіне мыналар кіреді:

комплаенс қызметінің жұмысын жоспарлау және үйымдастыру, тиісті оқу жылына комплаенс қызметінің жұмыс жоспарын жасауды қамтамасыз ету және оның орындалуын бақылау;

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак
СМЖБ	Университет ережесі
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	ЕИМУ -001-07-2023

комплаенс қызметінің жұмысын регламенттейтін құжаттарды, оның ішінде ішкі талдау бойынша әдістемелік ұсынымдарды және комплаенс қызметінің қызметіне қатысты басқа да құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесіне комплаенс қызметінің жұмысы туралы есептерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету;

қызметтің мақсаттарына қол жеткізу үшін оның міндеттері мен функцияларының өзектілігін мерзімді бағалау (жылына кемінде бір рет);

комплаенс қызметінің сандық құрамын, штат кестесін, өкілеттік мерзімін айқындау, қызмет қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, комплаенс қызметінің жұмыс тәртібі, қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттары, комплаенс қызметінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану, комплаенс қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу;

комплаенс қызметі қызметкерлерінің кәсіби дайындық деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдау;

комплаенс қызметінің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша Ғылыми кеңесінің отырысын шақыруға бастамашылық жасау;

комплаенс қызметінің құзыretіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

40. Комплаенс қызметінің басшысы комплаенс қызметі бұрын қараған мәселелер бойынша университеттің жалпы жиналысына, комплаенс қызметі қызметінің мәселелері қаралатын Ғылыми кеңесінің отырыстарына қатысуға, Ғылыми кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу үшін мәселелер ұсынуға, комплаенс қызметі қызметкерлерінің құрамына енгізу үшін кандидатураларды Ғылыми кеңесінің қарауына енгізуге құқылы.

7. Комплаенс қызметінің қызметкеріне еңбекақы төлеу

41. Комплаенс қызметі қызметкерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша еңбекақы мөлшерін және сыйлықақы беруді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесі айқындалады.

42. Комплаенс-қызмет қызметкерін Қазақстан Республикасында ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелерді мерекелеу құрметіне әлеуметтік қолдау, қосымша ақылар, өтемақы төлемдері, сыйлықақы беру Нұр-Мұбәрак университеті қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ынталандыру және әлеуметтік қолдау туралы Ережеге сәйкес айқындалады.

43. Комплаенс қызметі қызметкерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін университеттің бекітілген мақсаттарға қол жеткізуін мониторингтеу нәтижелері бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесі қайта қарауы мүмкін.

8. Қызметтің университетпен өзара іс-қимылы

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті	УЕ- Нұр-Мұбәрак
СМЖБ	Университет ережесі
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже	ЕИМУ -001-07-2023

14 беттің 12 беті

92
12

44. Комплаенс қызметінің университет қарым-қатынасы тәуелсіздік қағидаты негізінде құрылуы тиіс, ейткені комплаенс қызметінің үйымдастырушылық және функционалдық тәуелсіздік деңгейі комплаенс қызметі қызметкерінің объективтілігіне тікелей әсер етеді.

45. Комплаенс қызметі университетпен өзара іс-қимыл шеңберінде тоқсан сайын университет бөлімшелерінің тиісті оқу жылына арналған жұмыс жоспарының тармақтарын орындауды жөніндегі ақпаратты ұсынады;

46. университет академиялық саясатта белгіленген тәртіппен комплаенс қызметін әкімшілік және үйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға тиіс.

47. университет басшылығы комплаенс қызметінің қызметіне араласуына жол берілмейді.

9. Комплаенс қызметінің жауапкершілігі

48. Комплаенс қызметі өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына жауапты болады.

49. Комплаенс қызметінің басшысы мен қызметкерлері осы Ережеге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Еңбек шарттары мен лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес Қызметке жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы және уақтылы орындау үшін белгіленген тәртіппен дербес жауапты болады.

50. Еңбек тәртібін бұзғаны, жүктелген Еңбек міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесінің шешімі бойынша комплаенс қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданылады.

51. Комплаенс қызметі басшысының және қызметкерлерінің материалдық жауапкершілігі және олар келтірген зиянды өтеу тәртібі (ол болған кезде) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

10. Қорытынды ережелер

52. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия кеңесінің шешімімен енгізілуі мүмкін.

Комплаенс офицер

Е.Надиршин